

ЖАРЫЛЫСТАН

КӨЗ ашпаған заман-ай...

Ядролық қаруға тиым салу үшін күрес күні қарсаңында Н.Гоголь атындағы облыстық ғылыми-көпшілік кітапханада «Невада—Семей» қоғамдық бірлестігі және Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен қарағандылық жастардың қатысуымен «дөңгелек үстел» мәжілісі болып өтті. Аталған шараға «Отан» партиясының Қарағандыдағы қалалық және аудандық өкілдіктері ұйытқы болды.

Жиынды партияның Қарағанды қаласындағы өкілдігі төрағасының бірінші орынбасары Ю.Бадина бірінші ядролық бомбалаудың куәсі болған жапон ұшқышының хатынан үзінді келтірумен бастады. Ол хатта адам қолымен жасалған зілзланың жан төзгісіз сипаты баяндалған-ды.

Салыстырмалы түрде қарағанда, жер бетінде болған ядролық сынақтың 24%-ы Семей полигонының үлесінде көрнеді. Ал, бомбаның күштілігі 1945 жылы 6 тамыз күні Хиросимаға тасталған 2,5 мың есе артық болыпты. Қасиетті Сарыарқа жеріндегі алғашқы жарылыс 1949 жылдың 29 тамызында болыпты. Жерастындағы және ауалағы атомдық орасан сынақтар 1963 жылға дейін жүргізіліп келген. Осы сұмдықтың салдары Қазақстан халқына ұрпақтан-ұрпаққа қалатұғын дерт болып жабасты.

Дөңгелек үстел басындағы әңгіме өзегі осы жайттар болды. Жиынға қатысушылар осы турасында ой өрбітті. Ядролық полигондар және Қазақстандағы экологиялық ахуалдың жалпы көрінісі турасында әріден сөз бастаған «Невада—Семей» қозғалысының Қарағандыдағы филиалының жетекшісі М.Хамиев:

— Қазақстанның бар ай-



мағы ядролық сынақ алаңына айналған. Семей полигонынан бөлек еліміздің батысында Капустин Яр полигоны орналасқан. Онда барлығы 40 рет атомдық сынақ болған. Оның 11-і ашық түрде, жер бетінде жасалған. Сондай-ақ, бұндай сынақтар Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда, Шымкент, Көкшетау, Қостанай облыстарында да жасалыпты. Бұған қоса, уранның өнімдерінің бірнеше түрі байытылатын Қазақстанның 118 кен руднигі мен карьерінде 237 млн. тонна ядролық қалдықтар сақтаулы жатыр. Осы цифрларға жүгінетін болсақ бізде екі жыл сайын «Чернобыль апаты» болып тұрады деп есептеуге болады,— дейді.

Бұдан соң, жиынды облыстық кітапхананың сектор меңгерушісі Т.Воропаева жандандырып, тақырып аясында баяндама жасады. Сөз арасында ядролық жарылыстардың жантүршігерлік көріністері мысал ретінде көрсетіліп отырды. Соғыс ардагері Г.Баширов жастар-

ды әлемде бейбітшілікті жақтауға және ядролық сынақтарға қарсылық білдіруге үндеп, аталы да баталы сөз айтты. Жиынға қатысқан жастар қызу құлшыныс танытып, қозғалған тақырыпқа деген батыл көзқарастарын білдірді. №93 мектептің 11 сынып оқушысы Алена Щелокова: «Қазіргі тарих оқулықтарында осынау апат жөнінде, ядролық сынақтар турасында екі-ақ жол ғана жазылыпты» деп қынжылыс білдірсе, осы мектептің оқушысы Айсан Бейсенбаева «Жапонияда осы атаулы күні Бейбітшілік маршы өтеді. Барлық жапондық Хиросимаға сынақ құрбандарын еске алу рәсіміне барады. Біз де осындай шаралар жоқ. Осыған әлі жеткілікті көңіл аударылмай келеді» дейді.

Кеңеске қатысушылар «Дөңгелек үстелді» сынақ құрбандарын үнсіз еске алу рәсімімен тұжырымдап, «Мәңгілік алау» мемориалына гүл шоқтарын қойып тарасты.

Кәміл БЕРІК.